

Кеңес беру пункті

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың жастық дағдарыстары: балаға қалай көмектесуге болады»

Баланың дамуы барысында жастық дағдарыстар табиғи құбылыс болып табылады. Бұл кезеңдерде оның мінез-құлқы, көңіл-күйі және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы өзгереді. Мектеп жасына дейінгі балаларда ең айқын байқалатын кезеңдер – 3 жастағы және 7 жастағы дағдарыстар.

3 жастағы дағдарыс – баланың өз бетінше әрекет етуге ұмтылатын уақыты. Ол жиі «Өзім істеймін!» деп айтады, қырсығады, жылайды, қарсы шығады. Бұл – жаман мінез емес, өз «Менін» көрсету тәсілі екенін түсіну маңызды.

Балаға қалай көмектесуге болады:

- Сабырлылық пен түсіністік танытыңыз;
- Баланың таңдау жасауына мүмкіндік беріңіз («Қай киімді кисең келеді?»);
- Қателіктер үшін ұрыспай, талпынысын мадақтаңыз;
- Шектен тыс тыйымдар мен жазалаудан аулақ болыңыз;
- Эмоциясын сөз арқылы білдіруге үйретіңіз.

7 жастағы дағдарыс – тұлғалық өзгерістермен байланысты кезең. Бала өзін «ересек» сезінеді, онымен санасқанын қалайды. Кейде тұйықталып, ренжігіш немесе ересектердің пікіріне тым сезімтал болуы мүмкін.

Балаға қалай көмектесуге болады:

- Өз бетінше әрекет етуін және бастамашылдығын қолдаңыз;
- Балаңызбен серіктестей сөйлесіңіз;
- Оның ойы мен сезіміне қызығушылық танытыңыз;
- Эмоцияларын ойын немесе әңгіме арқылы шығаруға көмектесіңіз;
- Басқа балалармен салыстырудан аулақ болыңыз.

Дағдарыс – бұл мәселе емес, баланың өсу кезеңі. Ата-ананың сабырлығы, түсінігі және қолдауы баланың бұл кезеңнен қалай өтетініне тікелей әсер етеді.

Ата-аналарға кеңес: балаңыздың қасында болыңыз, оны қандай болса да қабылдаңыз және өз-өзін тануға көмектесіңіз.

педагог-психолог: Айтмағамбетова З.М